

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҰББДҚ ДИНАМИКАЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ  
ДИНАМИЧЕСКОЙ ОТЧЕТНОСТИ В НОБД**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

ҰББДҚ динамикалық есептілікті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 19 б.

Методическое рекомендации по формированию динамической отчетности в НОБД. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 18 с.

Әдістемелік ұсыныстар ҰББДҚ динамикалық есептілікті қалыптастыру кезінде қолданылатын нұсқаулық болып табылады. Динамикалық есептіліктің әрбір нысаны толтырылуы тиіс кесте түрінде ұсынылған. Көрсеткіштің сандық мәнін алу үшін, осындай кестенің әрбір ұяшығын толтыру үшін әрбір жол немесе графа бойынша шарттарды көрсету керек.

Әдістемелік ұсыныстар ҚР Білім беру министрлігі мен оның ведомствалық бағынышты ұйымдарына, облыстық және аудандық білім беру мамандарына арналған.

Методические рекомендации являются руководством при формировании динамической отчетности в НОБД. Каждая форма динамической отчетности представлена в виде таблицы, которую необходимо заполнить. Для заполнения каждой ячейки такой таблицы необходимо указать условия по каждой графе или строке, чтобы получить числовое значение показателя.

Методические рекомендации предназначены для специалистов районных и областных отделов образования, Министерства образования РК и его подведомственных организаций.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2015

## Кіріспе

Министрліктің әкімшілік есептілігі 162 формадан тұрады, оның 127 формасы Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) қалыптасады. Орта білім беру ұйымдары үшін мысалдарда динамикалық есептілік бар, мысалы 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 Бұйрыққа 41-қосымша - «Облыстың (қаланың) білім беру жүйесінің негізгі көрсеткіштері есебі». Бұл нысанда негізгі көрсеткіштер алдыңғы оқу жылымен салыстырылып берілген, Облыстың білім беру басқармасы респондент болып табылады. Жалпы орта білім беруде динамикалық есептіліктің алты нысаны бар (СТ-1, П-3, П-10, П-33, П-36 және РИК 83- 4 -бөлім). Мектепке дейінгі білім беруде екі нысаны бар: - бұл ашық және жабық ұйымдардың мониторингі.

ҰББДҚ динамикалық есептерді қалыптастыру және регламенттеу үшін мүмкіндік береді. Салыстыру үшін кез келген оқу жылын таңдап, оны өткен жылмен салыстыруға болады.

ҰББДҚ ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі бар барлық пайдаланушылар «Пайдаланушының нұсқаулығы» оқуынан өтуі және материалдарын зерделеуі керек. Вебинарларды, нұсқаулықтарды қоса ақпараттық материал келесі сілтеме бойынша сайтта орналасқан: <http://e.edu.kz/nobd/>. ҰББДҚ жұмыс бойынша білімді қолдана отырып, 2013-2014 оқу жылынан бастап динамикалық есептілікті құрастыруға болады. Сондай-ақ базада 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарының мұрағаты сақталған.

Ол жұмысты кезеңмен жоспарлау және оның барлық деңгейінде білім берудің негізгі көрсеткіштері бойынша болжамдарды құру мүмкіндігін береді.

Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) регламенттелген, сондай-ақ регламенттелмеген есептіліктер қалыптасады.

Осы жинақта біз осындай нысандарды қалыптастыру мысалдарын келтіреміз.

## **1 Мектепке дейінгі білім берудің әкімшілік есептілігінің нысаны**

*Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ашылу мониторингі туралы деректер (ДО-15)*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде осы есептіліктің көрсеткіштері бойынша сандық деректерді әрбір графа және жолда сипаттау үшін шарттарды анықтап жазу керек. Барлық нысандар үшін қажетті шарт: деректер тек ЖАО (жергілікті атқару органдарына) ведомствалық бағынышты ұйымдар бойынша.

1) 1-графа, 1-жол үшін ҰББДҚ Паспортты таңдау керек:

Бұл Паспорт «Білім беру басқармасы»,

2) «Мектепке дейінгі ұйымдар туралы деректер» бөлімін таңдау керек,

3) «Мектепке дейінгі ұйымдарды ашу», «Ғимарат», «РБ Құрылысы», көрсеткіштерін көрсету керек,

4) 1-графа, 1-жол үшін, «РБ Құрылысы» көрсеткішін «МБ Құрылысы» көрсеткішіне ауыстыру,

5) 3 – 9-графаларда сондай-ақ соңғы көрсеткіш- ашылатын ғимараттың себебі мен мәртебесі өзгертіледі,

6) Барлық графалардың 2 –жолына «жобалық қуаты, орындар саны» қосылады,

7) Барлық графалардың 3–жолына формула беріледі: 1-графа, 3-жолды 3-графаға бөлу (Нысан ДО 1)\*100%,

8) Барлық графалардың 4–жолы үшін 2-жолдағы соңғы көрсеткіш «қаржыландыру сомасы, мың теңге»-ге ауыстырылады.

Деректерді қалыптастыру кезіндегі басты шарт есепте оқу жылын көрсету керек. Осылайша жылдар бойынша салыстырмалы кестелер қалыптасады.

## 2 Орта білім берудің әкімшілік есептілігінің нысандары

*Облыстың (қаланың) білім беру жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің есебі (СТІ):*

Бұл есепте алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 149 көрсеткіштің қалай өзгергені, олардың өзгеріс серпіні, кемуі немесе көбеюі көрсетіледі.

*Алдыңғы жылмен салыстырғанда оқыту тілі бойынша мектептер мен оқушылардың бөлінуі туралы деректер (П-3).*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде есептің әрбір ұяшығында сандық мән бойынша қандай көрсеткіштер қай паспортта, бөлімде болуы шартын белгілеп жазу керек.

2-бөлімнің мысалында қарастырайық:

1) 1-графа үшін ҰББДҚ Паспортын таңдаймыз: 2 тип –бұл жалпы білім беру ұйымдары, бұл есептілікке барлығы кірмейтінін көрсетеміз (барлық түрлері: түзету мекемесі жанындағы жалпы білім беру мектебінен, кешкі мектептен, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, күтіп-ұстаудың ерекше режимімен балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, аурухана жанындағы мектебінен, халықаралық мектептен, қосымша білім беру мектеп-орталығынан, оқыту-сауықтыру орталығынан (кешен), оқу-өндірістік комбинаттан (мектепаралық, курстық), оқу-тәрбие орталығынан (кешен), оқу орталығынан) басқалары);

7-Тип – бұл білім берудің мамандандырылған ұйымдары (барлық түрлері);

9-Тип – бұл жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, 3-түрі «жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат».

«Тіркеу деректері» бөлімін таңдаймыз.

«Меншік нысаны» көрсеткішін таңдаймыз - Коммуналды меншік,

«Ведомствалық тиесілігі» көрсеткіші – ЖАО.

«Контингент» бөлімін таңдаймыз,

«Оқытудың кешкі нысаны сыныбында оқиды» көрсеткішін таңдаймыз - толтырылмаған,

1 –ден мен 12 сыныпқа дейінгі оқушылардың саны жинақталады (Мектепке дейінгісіз және шыққандарсыз).

Барлық жоғарыда келтірілген деректер 2014-2015 оқу жылының мұрағатында тұр.

2) 2-графа үшін соны таңдаймыз, тек соңғы шарттарды ауыстырамыз: барлық деректер 2015-2016 оқу жылы бойынша.

3) 3-графа үшін 1-графаның шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі –қазақ тілі» көрсеткішін қосамыз.

4) 4-графа үшін 2-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі –қазақ тілі» көрсеткішін қосамыз.

5) 5-графа үшін 1-графаның шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Ұлты» көрсеткішін таңдаймыз, қазақтардан басқа кез келгені таңдалады және «Оқыту тілі –қазақ тілі» көрсеткішін қосамыз.

6) 6-графа үшін 2-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және

«Контингент» бөлімінен «Ұлты» көрсеткішін таңдаймыз, қазақтардан басқа кез келгені таңдалады және «Оқыту тілі –қазақ тілі» көрсеткішін қосамыз.

7) 7-графа үшін 1-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі –орыс тілі» көрсеткішін қосамыз.

8) 8-графа үшін 2-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі –орыс тілі» көрсеткішін қосамыз.

9) 9-графа үшін 1-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Ұлты-қазақ» көрсеткішін қосамыз.

10) 10-графа үшін 1-графаның барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Ұлты-қазақ» көрсеткіші мен «Оқыту тілі –орыс тілі» көрсеткішін қосамыз.

11) 11-графа үшін 2-графаның шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Ұлты-қазақ» көрсеткіші мен «Оқыту тілі –орыс тілі» көрсеткішін қосамыз.

12) 12-17 графалар бойынша тек қана соңғы көрсеткіш «Оқыту тілі» ұйғыр, өзбек, тәжік тілдеріне өзгертіледі.

*Ұлты қазақ оқушылары туралы деректер оқу жылының басына (алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда) (П-10).*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде есептің әрбір ұяшығында сандық мән бойынша қандай көрсеткіштер қай паспортта, бөлімде болуы шартын белгілеп жазу керек.

1) 1 –жолда 2014 жыл жазылады.

2) 2 – жолда 2015 жыл жазылады.

3) 1-графа үшін ұлты қазақ барлық оқушылар үшін таңдаймыз:

2 тип –бұл жалпы білім беру ұйымдары, бұл есептілікке барлығы кірмейтінін көрсетеміз (барлық түрлері: түзету мекемесі жанындағы жалпы білім беру мектебінен, кешкі мектептен, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, күтіп-ұстаудың ерекше режимімен балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, аурухана жанындағы мектебінен, халықаралық мектептен, қосымша білім беру мектеп-орталығынан, оқыту-сауықтыру орталығынан (кешен), оқу-өндірістік комбинаттан (мектепаралық, курстық), оқу-тәрбие орталығынан (кешен), оқу орталығынан) басқалары);

7-Тип – (барлық түрлері);

9-Тип–3-түрі.

«Тіркеу деректері» бөлімін таңдаймыз, «Меншік нысаны» көрсеткішін таңдаймыз - Коммуналды меншік, «Ведомствалық тиесілігі» көрсеткіші – ЖАО.

«Контингент» бөлімінде «Оқытудың кешкі нысаны сыныбында оқиды»көрсеткішін толтырылмаған, «Ұлты» -«қазақстар» көрсеткішінде 1 –ден мен 12 сыныпқа дейінгі оқушылардың саны жинақталады (Мектепке дейінгісіз және шыққандарсыз) (2014-2015 оқу жылының деректері).

2-графа үшін ауылдық жерде таңдаймыз:

4) 2-графа үшін, ауылды жерден таңдаймыз:

1-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» қосамыз.

5) 3-графа қазақ тілінде оқытатын мектептердегі оқушылар саны бойынша таңдаймыз:

1-графа шартын және «Білім беру үрдісі туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен тек қана «қазақ тілін».

6) 4-графа үшін ауылды жерді таңдаймыз:

3-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» қосамыз.

7) 5-графа үшін аралас мектепте қазақ тілінде оқытын барлық оқушыларда таңдаймыз:

1-графа шартын және «Білім беру үрдісі туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен – 2 және одан да көп тілді (оның бірі қазақ тілі), «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен «қазақ тілін» қосамыз.

8) 4-графа үшін ауылды жерде таңдаймыз:

5-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» қосамыз.

9) 7-графа орыс тілінде оқытатын мектептердегі оқушылар саны бойынша таңдаймыз:

1-графа шартын және «Білім беру үрдісі туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен тек қана «орыс тілін».

10) 8-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» таңдаймыз.

11) 9-графа үшін аралас мектепте орыс тілінде оқытын барлық оқушыларда таңдаймыз:

1-графа шартын және «Білім беру үрдісі туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен – 2 және одан да көп тілді (оның бірі орыс тілі), «Контингент» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен «орыс тілін» қосамыз.

12) 10-графа үшін ауылды жерде таңдаймыз:

9-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» қосамыз.

13) 11-графа басқа тілде оқытатын мектептердегі оқушылар саны бойынша таңдаймыз:

1-графа шартын және «Білім беру үрдісі туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту тілі» көрсеткішінен – тек қана «өзбек» немесе тек қана «ұйғыр» немесе тек қана «тәжік» тілін қосамыз.

14) 12-графа үшін ауылды жерде таңдаймыз:

11-графаның шартын және «Деректерді тіркеу» бөлімінен «Аумақтық тиесілігі бойынша ұйым» көрсеткішінде «ауылды жерді» қосамыз.

### **3 Техникалық және кәсіптік білім берудің әкімшілік есептілігі нысандары**

*Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) оқу орындарының кәсіпорындармен әріптестігін дамыту туралы, меншік нысандары (ТП-7) бойынша мәліметтер.*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде есептің әрбір ұяшығында сандық мән бойынша қандай көрсеткіштер қай паспортта, бөлімде болуы шартын белгілеп жазу керек.

Есептік жылды таңдағаннан соң, колледждердегі әлеуметтік әріптестіктің өзгерістері динамикасын салыстыруға болады.

Мысалы 2014-2015 жылды таңдаймыз:

1) 1-қатар «Облыс бойынша барлығы» көрсеткіші үшін ҰББДҚ Паспортты таңдаймыз: 3-Тип шарты – бұл техникалық және кәсіптік білім беруде, осы есептілікке барлық түрлердің кірмейтінін көрсетеміз (барлық түрі, кәсіби даярлау оқу орталығы, түзету мекемелеріндегі кәсіптік дайындық орталығы)-нан өзге) Ұйымдар санын қосамыз.

2) 2-жол «мемлекеттік ұйымдар көрсеткішінен 1-жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Тіркеу деректері» бөлімін қосамыз. «Меншік нысаны» көрсеткішін таңдаймыз - Коммуналды меншік, «Ведомствалық тиесілігі» көрсеткіші – ЖАО.

3) 1-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» бөлімшесін, «Кәсіпорын, компания, ұйымдармен кадрларды даярлауда ынтымақтастық туралы жасалған шарттардың саны, бірлігі» көрсеткішін қосамыз.

4) 2-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 1-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін таңдаймыз.

5) 3-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» -«Жұмыс берушілердің барлық бөлген қаражаты, теңге» көрсеткішін қосамыз.

6) 4-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 3-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

7) 5-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» бөлімшесін, «Кәсіпорын, компания, ұйымдардың оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтауға көмек көрсетуі, қойылған жабдық бірліктерінің саны» көрсеткішін қосамыз.

8) 6-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 5-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

9) 7-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» бөлімшесін, «Кәсіпорын, компания, ұйымдардың оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтауға көмек көрсетуі, бөлінген қаражаттың сомасы, мың теңге бірлік»



көрсеткішін таңдаймыз.

10) 8-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 7-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

11) 9-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» бөлімшесін, «Кәсіпорын, компаниялардың кәсіпорын тапсырысы бойынша білім алушылардың оқуын төлеуге көмек көрсетуі» көрсеткішін қосамыз.

12) 10-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 9-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

13) 11-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік» бөлімшесін, «Кәсіпорын, компаниялардың кәсіпорын тапсырысы бойынша білім алушылардың оқуын төлеуге көмек көрсетуі, бөлінген қаражат сомасы» көрсеткішін қосамыз.

14) 12-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 11-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

15) 13- графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік бойынша шәкіртақы тағайындалды» көрсеткішін қосамыз және адамдар санын қосамыз.

16) 14-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 13-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

17) 15- графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Әлеуметтік әріптестік бойынша шәкіртақы тағайындалды», бөлінген қаржылар сомасы, мың теңге көрсеткішін қосамыз.

18) 16-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 15-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

19) 17- графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қызметкерлер құрамы» бөлімінен «Біліктілікті арттыру туралы деректер» - «Әлеуметтік әріптестік бойынша кәсіпорындардың базасында тағылымдамадан өту» көрсеткішін қосамыз.

20) 18-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 17-графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

21) 19-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Кәсіпорын базасында практикадан өтті» көрсеткішін қосамыз.

22) 20-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Контингент» бөлімінен «Жұмысқа орналасу» - «Жұмыс берушілер есебінен жұмысқа орналасты» көрсеткішін қосамыз.

23) 21-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және 20-

графа шартына «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

24) 22-графа үшін әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Қосымша деректер» бөлімінен – «Қамқоршылық кеңестері құрылды» көрсеткішін қосамыз.

25) 23-графа үшін 22-графаның әрбір жолдың барлық шарттарын таңдаймыз және «Білім беру нысаны туралы негізгі деректер» бөлімінен «Оқыту технологиясы» - «Дуалды оқыту» көрсеткішін қосамыз.

#### 4 Балаларды қорғау бойынша әкімшілік есептің нысаны

*Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылықта, қамқоршылықта және патронаттық тәрбиедегі балалардың қозғалысы туралы деректер. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру туралы деректер (ОП-10):*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде есептің әрбір ұяшығында сандық мән бойынша қандай көрсеткіштер қай паспортта, бөлімде болуы шартын белгілеп жазу керек. Бұл нысанда балалардың қозғалысы бойынша динамика жылдың басына және жылдың соңына қарай ұсынылған.

1-жолда қорғаншылықтағы балалар бойынша деректер;

2-жолда патронаттағылар;

1) 1-графа есептік жылдың басында Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларында болды, таңдаймыз:

УО Паспорты, «Балалар құқығын қорғау», «Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылықта(қамқоршылықта), патронаттық тәрбиедегі балалардың қозғалысы туралы деректер», «Орналасу түрі» - қамқорлық таңдалады, адам, мәні ҚР азаматтарының отбасында.

2) 2-графа үшін есептік кезеңде барлығы қабылданды, таңдаймыз:

1-графаның шарттарын және «Есеп беру жылында қабылданды, балалар саны» көрсеткішін қосамыз.

3) 3-графа үшін, олардың ішінен жаңадан анықталғандардан таңдаймыз:

2-графаның шартын «жаңадан анықталғандардың арасынан».

4) 4-графа үшін, оның ішінде қамқорлық, патронатты тоқтатқаннан соң таңдаймыз:

2-графаның шарттарын және «қамқорлық, патронатты тоқтатқаннан соң» көрсеткішін қосамыз.

5) 5-графа үшін олардың ішінде қамқорлық, патронатты тоқтатқаннан соң жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарынан таңдаймыз:

2-графаның шарттарын және «қамқорлық, патронатты тоқтатқаннан соң жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарынан» көрсеткішін қосамыз.

6) 6-графа үшін, оның ішінде бөбектер үйінен.

2-графаның шарттарын және «бөбектер үйінен» көрсеткішін қосамыз.

7) 7-графа үшін, оның ішінде мүгедектер үйінен.

2-графаның шарттарын және «мүгедектер үйінен» көрсеткішін қосамыз.

8) 8-графа үшін, оның ішінде жақын шетелден:

2-графаның шарттарын және «жақын шетелден, адам» көрсеткішін қосамыз.

9) 9 -графа үшін, оның ішінде ҚР басқа облыстарынан таңдаймыз:

2-графаның шарттарын және «ҚР басқа облыстарынан» көрсеткішін қосамыз.

10) 10-графа үшін, оның ішінде облыстың ішіндегі басқа аймақтан келді таңдаймыз:

2-графаның шарттарын және «облыстың ішіндегі басқа аймақтан келді» көрсеткішін қосамыз.

11) 11-графа үшін есеп беру жылында кеткендерді таңдаймыз:

1-графаның шарттарын және «есеп беру жылында кеткендер, балалар саны» көрсеткішін қосамыз.

12) 12-графа үшін, оның ішінде асырап алынды таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «асырап алынды» көрсеткішін қосамыз.

13) 13-графа үшін, оның ішінде жас бойынша таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «жас бойынша, адам саны» көрсеткішін қосамыз.

14) 14-графа үшін, оның ішінде туған отбасына оралуды таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «туған отбасына оралу» көрсеткішін қосамыз.

15) 15-графа үшін, оның ішінде мүгедектердің үйін таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «мүгедектердің үйіне, адам» көрсеткішін қосамыз.

16) 16-графа үшін, оның ішінде бөбектер үйіне таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «бөбектер үйіне, адам» көрсеткішін қосамыз.

17) 17-графа үшін, оның ішінде жетім балаларға және АҚҚ2 балаларға арналған басқа ұйымдарға таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «жетім балаларға және АҚҚ2 балаларға арналған басқа ұйымдарға (адам)» көрсеткішін қосамыз.

18) 18-графа үшін, оның ішінде басқа облысқа кету таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «басқа облысқа кету, адам» көрсеткішін қосамыз.

19) 19-графа үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс шығып кету таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «Қазақстан Республикасынан тыс шығып кету, адам» көрсеткішін қосамыз.

20) 20-графа үшін, оның ішінде облыстың басқа ауданына кету таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «облыстың басқа ауданына кету, адам» көрсеткішін қосамыз.

21) 21 графа үшін оның ішінде өзге негіздер бойынша таңдаймыз:

11-графаның шарттарын және «оның ішінде өзге негіздер бойынша, адам» көрсеткішін қосамыз.

22) 22-графа үшін есептік кезеңнің аяғына формула қойылған:

22-графа = (1 және 2 графалардың сомасы) –11- графа.

## 5 Қаржыландыру бойынша әкімшілік есептің нысаны

*Білім беру ұйымына шығындар туралы деректер (бюджеттік қаржылар) (Ф-1).*

Осы нысанды қалыптастыру кезінде есептің әрбір ұяшығында сандық мән бойынша қандай көрсеткіштер қай паспортта, бөлімде болуы шартын белгілеп жазу керек.

Есептік жылды таңдап білім беру ұйымдарына шығындардың өзгеру динамикасын жылдан жылға салыстыруға болады.

Мысалы, 2014-2015 жылды таңдаймыз:

1) Мектепке дейінгі білім беруге шығындар, мың теңге 1-графа үшін келесі формула қойылған:

1-графа= 2 және 3 графалардың сомасы.

2) мемлекеттік ұйымдарындағы мектепке дейінгі білім беруге жұмсалатын шығыстар 2-графасы үшін таңдаймыз:

Білім беру басқармасының паспорты, «Қаржыландыру» бөлімі, «Білім беру ұйымдарына жұмсалатын шығыстар (бюджеттік қаражат) өлшем бірлігі (мың теңге)», динамикалық кесте білім беру деңгейі (бірінші бағана) –«мектепке дейінгі білім беру» -меншік нысаны(екінші бағана) –«мемлекеттік ұйымдарда» - ақша сомасы (үшінші бағана).

3) жеке меншік ұйымдарда мектепке дейінгі білім беруге беруге жұмсалатын шығыстар 3-графаға таңдаймыз:

2-графаның шарттары, меншік нысанын «жеке меншік ұйымдарда» көрсеткішіне ауыстырып.

4) Жалпы орта білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 4-графаға таңдаймыз:

4-графа= 5 және 6 графалардың сомасы.

5) мемлекеттік ұйымдарда жалпы орта білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 5-графаға таңдаймыз:

2-графаның шарттарын, білім беру деңгейін (бірінші бағана) «жалпы орта білімге» ауыстырып.

6) жеке меншік ұйымдарда жалпы орта білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 6-графаға таңдаймыз:

5-графаның шарттары, меншік нысанын «жеке меншік ұйымдарда» көрсеткішіне ауыстырып.

7) Қосымша білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 7-графаға таңдаймыз:

7-графа= 8 және 9 графалардың сомасы.

8) мемлекеттік ұйымдарда қосымша білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 8-графаға таңдаймыз:

2-графаның шарттарын, білім беру деңгейін (бірінші бағана) «қосымша білім» көрсеткішіне ауыстырып.

9) жеке меншік ұйымдарда қосымша білімге жұмсалатын шығындар, мың теңге 9-графаға таңдаймыз:

8-графаның шарттары, меншік нысанын «жеке меншік ұйымдарда»

көрсеткішіне ауыстырып.

10) Техникалық және кәсіптік білім беруге жұмсалатын шығындар, мың теңге 10-графаға таңдаймыз:

10-графа= 11 және 12 графалардың сомасы.

11) мемлекеттік ұйымдарда техникалық және кәсіптік білім беруге жұмсалатын шығындар, мың теңге 11-графаға таңдаймыз:

2-графаның шарттарын, білім беру деңгейін (бірінші бағана) «техникалық және кәсіптік білім беруге» ауыстырып.

12) жеке меншік ұйымдарда техникалық және кәсіптік білім беруге жұмсалатын шығындар, мың теңге 11-графаға таңдаймыз:

11-графаның шарттарын, меншік нысанын «жеке меншік ұйымдарда» көрсеткішіне ауыстырып.

## Қорытынды

ҰББДҚ динамикалық есептілікті қалыптастыру бойынша осы ұсыныстар білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді.

Білім берудің негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық деректерді қолдана отырып, әрбір маман өз деңгейінде саланың даму үрдісін анықтауы мүмкін. Оң немесе теріс динамика аудандық, облыстық басқармалардағы алғашқы ұйымдардан бастап жалпы министрлікке дейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде жұмысты жоспарлау кезінде қолданылады.

Осы жинаққа мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудегі динамикалық есептілік нысанын қалыптастыру бойынша ұсыныстар кірді.

Осы нысандармен аналитикалық жұмыс мамандарға білім беру ұйымын басқаруға, болжамдар құруға, білім беруде көрсеткіштер мен индикаторлар мониторингін өткізуге мүмкіндік берді.

ҰББДҚ ақпараттық жүйесі жыл сайын жетілдіріліп отырады, жаңа модульдар қосылады, паспорттар мен олардың көрсеткіші жаңартылады.

Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер ҰББДҚ негізі болып табылатын статистикалық көрсеткіштерде байқалады.

Білім беру статистикасынсыз басқару шешімдерін қабылдау, жүйенің болашағын жоспарлау және болжамдау, табыстар мен сәтсіздікті салыстыруға және безбендеу, талдау және қорытынды жасау мүмкін емес.

## Глоссарий

**Динамикалық есептілік** – уақыттағы зерттелетін көріністі сипаттайтын статистикалық деректер.

**ҰББДҚ** – «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесі.

**Меншік нысаны** – білім беру мекемелерінің мемлекеттік немесе жеке меншік нысанына жатуы.

**ТЖКБ** – техникалық және кәсіптік білім беру.

**Дуалды оқыту** – оқу орнында теориялық оқу мен өндірістік кәсіпорында өндірістік оқуды ұштастыратын кадрларды даярлау нысаны.

**Қорғаншылық пен қамқорлық** – он төрт жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ психикалық аурудың салдарынан немесе ақыл-есі кемістігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға белгіленеді.

**Патронат** – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншы және қамқоршы орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген тұлға (патронаттық тәрбиеші) жасасқан шарт бойынша азаматтардың отбасына берілетін тәрбиенің нысаны.

**Девиантты мінез-құлық** – жалпыға ортақ, кең тараған және белгілі қоғамдастықтарда олардың дамуының белгілік кезеңінде қалыптасқан ережелерден ауытқитын іс-әрекет.

**Бюджеттік қаржы** – заңнамаға сәйкес бюджетке түсетін түсімдер мен бюджетпен жұмсалатын шығыстар.



## Пайдаланған дереккөздерінің тізімі

1 «Білім беру туралы» ҚР Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен 2015 ж. 21.07 жағдай бойынша).

2 «Базалық көрсеткіштер тізбесін бекіту туралы» 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 166 бұйрығы.

3 «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығы.

4 «Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығы.

5 Интернетке сілтеме: <https://e.edu.kz/nabd/>

6 «Ұлттық білім беру деректер қоры» жүйесін қолданушыларға нұсқаулық» (2015 жылғы жаңартылған).

Үдемелі есептілікті қалыптастыру шарттарының мысалы

КОЦД №10																						
Қамқоршылықтағы (қорғаныштықтағы), патронаждық тәрбиедегі жетім балалар мен ата-ананың қамқоршылығын қалған балалар қонағына туралы мәлімет. Жетім балалар мен ата-ананың қамқоршылығын қалған балаларды анықтау және орналастыру жөнінде мәлімет/ Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. Сведения о выявлении и устройстве детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.																						
№	Орналастыру түрі / Вид устройства	Есепті жылдың басында Қазақстан Республикасы азаматтары отбасы болмағандар, адам / На начало отчетного периода находилось в семьях граждан Республики Казахстан	оның ішінде / из них										оның ішінде / из них									
			Есепті жылда бармақ келгендер, адам / Всего принято за отчетный период, чел.	айға айқындалған, адам / по вновь выявленным, чел.	кемшілік, патронаждық күші жойылғаны кейін / после отмены опеки, патронажа	жетім балалар мен ата-ананың қамқоршылығын қалған балаларды анықтау және орналастыру жөнінде мәлімет/ Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей	балалар ұйыған / из домов ребенка	мүгедектер ұйыған / из домов инвалидов	жамаң шетелдерден, адам / из ближнего зарубежья, чел.	ҚР баса облыстарынан, адам / из других областей РК, чел.	облыс ішіндегі басқа өңірлерден келгендер / прибыли из другого региона внутри области	есепті кезеңде кеткендер, адам / вышло за отчетный период, чел.	аспаң алымағандар, адам / усмоулены, чел.	жаса болыпша, адам / по возрасту, чел.	кәсіпке отбасыларына орналастырған, адам / возврат в кровную семью, чел.	мүгедектердің ұйырыне, адам / в дома инвалидов, чел.	балалар ұйыға, адам / в дома ребенка, чел.	жетім балаларға және АҚКО балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, адам / в организации образования для детей-сирот и детей ОБИР2, чел.	басқа облысқа кетуі, адам / выезда в другую область, чел.	Қазақстан Республикасынан тыс шыққан кетуі, адам / выезда из Республики Казахстан, чел.	облыс ішіндегі басқа ауданға кеткендер/выбыли в другой район другой области	басқа себептермен, адам / по иным основаниям, чел.
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
1	қамқоршылықта адам / опека, чел.	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- опека выбран, чел, значение в семьях граждан РК	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- опека, показатель. Принято за отчетный период, Численность детей	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - из вновь выявленных	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - после отмены, опеки, патронажа	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - из домов ребенка	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - из домов инвалидов	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - из близнегов зарубежья, чел.	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - из других областей РК, чел.	Условия из строки 1, графы 2 - выбрать - прибыли из другого региона внутри области	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- опека, показатель. Выбыло за отчетный период, Численность детей	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - по возрасту, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - возврат в кровную семью, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в дома ребенка, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в дома ребенка, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в организации образования для детей-сирот и детей ОБИР2, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - в другой район внутри области	Условия из строки 1, графы 11, выбрать - по иным основаниям, чел.	Формула 20=(1+2)-11
2	патронажта, адам / патронаж, чел.	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- патронаж выбран, чел, значение в семьях граждан РК	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- патронаж, показатель. Принято за отчетный период, Численность детей	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - из вновь выявленных	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - после отмены, опеки, патронажа	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - из домов ребенка	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - из домов инвалидов	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - из близнегов зарубежья, чел.	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - из других областей РК, чел.	Условия из строки 2, графы 2 - выбрать - прибыли из другого региона внутри области	Паспорт УО раздел Охрана прав детей, показатель. Сведения о движении детей-сирот, детей оставшихся без попечения родителей, находящихся под опекой (попечительством), на патронажном воспитании. "Вид устройства"- патронаж, показатель. Выбыло за отчетный период, Численность детей	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - по возрасту, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - возврат в кровную семью, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в дома ребенка, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в дома ребенка, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в организации образования для детей-сирот и детей ОБИР2, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в другую область, чел.	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - в другой район внутри области	Условия из строки 2, графы 11, выбрать - по иным основаниям, чел.	Формула 20=(1+2)-11

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Мектепке дейінгі білім беру (МДБ) әкімшілік есептілік нысандары.....	4
2 Жалпы орта білім беру ұйымдары әкімшілік есептілігінің нысандары (ЖОБ).....	5
3 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әкімшілік есептілік нысандары (ТЖКБ).....	8
4 Балалар кұқығын қорғау бойынша (БҚК) әкімшілік есептілік нысандары.....	11
5 Қаржыландыру бойынша әкімшілік есептіліктің нысандары (Қ1-7).....	13
Қорытынды.....	15
Глоссарий.....	16
Қолданылған көздердің тізімі.....	17
Қосымша.....	18

## Введение

Административная отчетность Министерства образования и науки состоит из 162 форм, из которых 127 форм формируются в Национальной образовательной базе данных (НОБД). В формах для организаций среднего образования есть динамическая отчетность, к примеру «Отчет основных показателей системы образования области (города)» - приложение 41 к Приказу № 570 от 27 декабря 2012 года. В данной форме основные показатели отражены в сравнении с предыдущим учебным годом, респондентом является Управление образования области. Всего в среднем образовании шесть форм динамической отчетности (СТ-1, П-3, П-10, П-33, П-36 и РИК 83- 4 раздел). В дошкольном образовании две формы – это мониторинг открытых и закрытых организаций.

НОБД дает возможность для формирования и нерегламентированных динамических отчетов. Выбрав для сравнения любой учебный год, можно сравнить его с нынешним годом.

Всем пользователям имеющим доступ в информационную систему НОБД необходимо пройти обучение и изучить материалы «Руководство пользователя». Информационный материал, включая вебинары, инструкции расположен на сайте по следующей ссылке <http://e.edu.kz/nobd/>.

При этом динамический отчет можно составить начиная с 2013-2014 учебного года.

